

*Қостанай облысы  
әкімдігі денсаулық сақтау  
басқармасының  
2018 жылғы «21» желтоқсандағы  
№ 1172-к бұйрығына  
1-қосымша*

**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының  
«Қостанай аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық  
мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі туралы  
ЕРЕЖЕСІ**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының 2011 жылы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес әзірленген және Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесінің (бұдан әрі – Байқау кеңесі) қызметін мен дәрежесін реттейді.

2. Оз қызметінде Байқау кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) Жарғысын, осы Ережені және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

### 2. Байқау кеңесінің төрағасы:

3. Байқау кеңесінің төрағасы байқау кеңесі мүшелерінің арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы байқау кеңесінің мүшелері санынан көпшілік дауыспен сайланады. Кәсіпорынның атқарушы органының бірінші басшысы байқау кеңесінің төрағасына сайлану үшін үміткер болып табылмайды.

4. Байқау кеңесі байқау кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

5. Байқау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, ағымдағы отырыс менберіндегі оның функцияларын уақытша байқау кеңесінің төрағасы шешімі негізінде байқау кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

6. Байқау кеңесінің төрағасы:

1) Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және байқау кеңесі шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады;

2) Байқау кеңесі отырысының күн тәртібін қалыптастырады;

3) Байқау кеңесі отырысын шақырады және отырыстарда төрағалық етеді;

4) Байқау кеңесі атынан шығатын құжаттарға қол қояды;

5) Байқау кеңесінің ұстанымын ұсынады және уәкілетті органының - Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының (бұдан әрі – Денсаулық сақтау басқармасы) алдында байқау кеңесінің қызметі туралы, кәсіпорынның жалпы жағдайы туралы және кәсіпорынның көзделген мақсатына жетуге бағытталған қабылданған шаралар туралы есеп береді;

6) Кәсіпорынның атынан еңбек шартын, материалдық жауапкершілік туралы шартты және байқау кеңесінің мүшелерімен жасалған өзге де шарттарды жасайды;

7) Кәсіпорынның атынан, байқау кеңесінің шешімімен сәйкес бекітілген дауазымдық жалмақы мөлшерін, материалдық жауапкершілік туралы шартты және байқау кеңесінің хатшысымен басқа да келісімшарттарды жасайды.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген міндеттер мен функцияларды жүзеге асыру мақсатында байқау кеңесі мүшелеріне, байқау кеңесінің хатшысына тапсырма береді.

9) қолданыстағы заңнамамен және байқау кеңесі шешімімен анықталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

### 3. Байқау кеңесінің хатшысы:

7. Байқау кеңесінің хатшысы Кәсіпорынның қызметкері болып табылады және байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

8. Байқау кеңесінің хатшысы:

1) Байқау кеңесіне есеп береді;

2) Байқау кеңесі мүшелерінің тізілімін жүргізеді;

3) Байқау кеңесі төрағасының тапсырмасымен байқау кеңесінің мүшелерін байқау кеңесінің кезекті және кезектен тыс отырыстарының өтуі туралы хабарлар етеді;

4) Байқау кеңесінің төрағасын және мүшелерін байқау кеңесі мүшелерінің міндеттерін тиісінше орындау үшін маңызы бар қажетті ақпараттармен және құжаттармен қамтамасыз етеді;

5) Байқау кеңесіне жіберілген хат-хабарды тіркеуді жүзеге асырады және тиісті жауаптарды дайындауды ұйымдастырады;

6) Байқау кеңесі және байқау кеңесінің төрағасы берген құжаттарды ресімдейді және оларды байқау кеңесі мүшелеріне және Денсаулық сақтау басқармасының басқа да лауазымды тұлғаларына ұсынуды қамтамасыз етеді;

7) Байқау кеңесі қабылдаған шешімдердің орындалуын бақылауды, байқау кеңесінің төрағасын байқау кеңесінің шешімдерін тиісінше орындау орындамау туралы уақтылы хабарлар етуді қамтамасыз етеді

8) Байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізеді және оларды 1-қосымшаға сәйкес тіркейді;

9) 2-қосымшаға сәйкес ресімделген, қолымен және кәсіпорынның мөрмен күшлендірілген байқау кеңесі хаттамалары мен шешімдерінің көшірмелерін береді;

10) сырттай дауыс беру арқылы байқау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы байқау кеңесі мүшелерінің барлығын хабарлар етеді;

11) Байқау кеңесі мүшелеріне, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты уақтылы жеткізу үшін қажетті шараларды қабылдайды;

12) Байқау кеңесі қызметінің есебін жасайды.

#### **4. Байқау кеңесінің мүшелері:**

9. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің саны так болуы керек және бір-бірімен және Кәсіпорынның атқарушы органымен жақын туысқандық пен меншіктік қарым-қатынаста болмаған кем дегенде 5 (бес) адам болуы тиіс.

10. Байқау кеңесі мүшелері кәсіпорын қызметкерлерінің штаттына кірмейді.

11. Байқау кеңесінің құрамына денсаулық сақтау басқармасының әкілдері, Кәсіпорын басшысы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурстық негізде іріктелген тұлғаларда кіреді.

12. Кәсіпорынның байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл.

13. Байқау кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Кәсіпорын Жарғысында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

14. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мүшесі болып келесі тұлғалар сайланбайды:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) осы заңды тұлғаны банкрот деп таңу туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам бұрын заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) Байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туысқандық және мүлкітік қарым-қатынаста болған;

15. Байқау кеңесі өкілеттігінің мерзімі денеаулық сақтау басқармасы және Бакылау кеңесінің сайлануы туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады. Денеаулық сақтау басқармасы байқау кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Сонымен қатар, байқау кеңесінің мүшесі өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешіміне сәйкес байқау кеңесі мүшесінің жазбана хабарламасы негізінде байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

16. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және денеаулық сақтау басқармасының жаңа мүшесі сайланған жағдайда, соңғысының өкілеттігі байқау кеңесінің өкілеттігін тұтастай алғандағы мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

## 2. Байқау кеңесінің өкілеттігі

17. Байқау кеңесі:

1) Денеаулық сақтау басқармасына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі;

3) Демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорын иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін болу туралы шешім қабылдайды;

4) бастамалық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды;

5) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен келдергісіз танысады;

6) Кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша, Денеаулық сақтау басқармасының ұсыныстарын келіседі;

7) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерлерінің лауазымдық жауаптарына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

8) Байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жаалақысының мұнаерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

9) Денеаулық сақтау басқармасына Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

10) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

11) Денеаулық сақтау басқармасына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

12) Денеаулық сақтау басқармасына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

13) осы ережеде көзделген, сондай-ақ денеаулық сақтау басқармасының шешімі бойынша байқау кеңесінің құзыретіне жатқызылған немесе байқау кеңесі тарапының, кәсіпорын басшысының бастамасы бойынша байқау кеңесінің шешіміне енгізілген өзге де мәселелер.

## 6. Байқау кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

18. Байқау кеңесінің мүшелері:

- 1) Отырыстарға қатысуға;
- 2) Байқау кеңесі отырысын шақыруды талап етуге;
- 3) Кәсіпорынның байқау кеңесінің кезектен тыс отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) Кәсіпорынның байқау кеңесіне өз пікірін білдіруге, ескертулер, ұсыныстар айтуға;
- 5) Кәсіпорынның ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарында көзделген тәртіппен қаралатын байқау кеңесінің отырыстарындағы мәселелерге өз пікірін білдіруге, жазбаша түрде ескертулер, ұсыныстар, ұсынымдар беруге;
- 6) белгіленген тәртіппен байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелері енгізуге;
- 7) Байқау кеңесінің жұмыс жосарын қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 8) Кәсіпорынан сыйақы (мемлекеттік қызметкер болып табылатын Кәсіпорын басшысы мен байқау кеңесінің мүшелерін қоспағанда), сондай-ақ Денсаулық сақтау басқармасының шешімдерімен, осы Ережемен және Кәсіпорынның басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және мерзімде байқау кеңесі мүшесінің міндеттерді орындауға байланысты шығыстардың өтемақысын алуға;
- 9) Кәсіпорынның байқау кеңесі белгілеген тәртіппен байқау кеңесінің қуыретіне жататын мәселелер бойынша сарапшыларды тартуды талап етуге;
- 10) лауазымға енгізу рәсімінен отуді талап етуге (Байқау кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне);
- 11) Кәсіпорынның байқау кеңесіне жазбаша хабарлай отырып, байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін өзінен алып тастауға;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және осы Ережеде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

19. Байқау кеңесі мүшесі:

- 1) Кәсіпорын мен Денсаулық сақтау басқармасының мүддесімен адал әрекет етуге, өз міндеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Кәсіпорынның басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып, тиімді және жауапты орындауға;
- 2) өз құқықтары мен өкілеттіктері шегінде әрекет етуге;
- 3) Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, соның ішінде бейнежол конференциясы немесе телефон арқылы (селекторлық байланыс режимінде) сайланған Кәсіпорынның байқау кеңесі отырыстарына және байқау кеңесі комитеттерінің жұмысына жеке қатысуға, байқау кеңесі отырыстарындағы күн тәртібіндегі барлық мәселелерге дауыс беруге қатысуға;
- 4) Кәсіпорынға қатысты мәмілелер, келісімшарттар, жобалардағы кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделерді (тікелей немесе жанама) байқау кеңесіне дереу хабарлауға;
- 5) Кәсіпорынның байқау кеңесінің хатшысына оның мүшесі болып табылатын байқау кеңесінің отырыстарына қатысудың мүмкін еместігі туралы және байқау

кеңесінің торағасына өзінің байқау кеңесінің отырыстарына қатыса алмайтындығы туралы алдын ала хабарлауға;

6) Кәсіпорынның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында өзгеше белгіленбесе, байқау кеңесінің мүшесі ретінде лауазымда болған кезде Кәсіпорындағы жұмысы аяқталған күннен бастап бес жыл ішінде оны жеке мүдделерінде немесе үшінші тұлғаның мүдделерінде пайдаланбауға;

7) оның мүшесі болып табылатын байқау кеңесінің, байқау кеңесі комитеттерінің отырыстарына дайындалуға, атап айтқанда: материалдармен ашыла ала танысуға, қажетті ақпаратты жинауға және талдауға, өз тұжырымдарын, ескертулерін, ұсыныстарын, тұжырымдары мен ұсынымдарын дайындауға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорын Жарғысына сәйкес олардың құзыреті шегінде жазбаша түрде берілген Денсаулық сақтау басқармасы мен байқау кеңесі қабылдаған шешімдерді орындауға жәрдемдесуге;

9) Денсаулық сақтау басқармасының, байқау кеңесі торағасының талабы бойынша құпия және жеке тұлғалардан басқа, Кәсіпорын қызметіне қатысты кез-келген ақпаратты ұсынуға;

10) Байқау кеңесінің хатшысын қоса атқаратын лауазымы және тұрақты (негізгі) жұмыс орнының (қызметтің, кәсіпкерлік қызметтің және т.б.) өзгерісі туралы хабарлар етуге;

11) Кәсіпорынның мәміле жасауға мүдделілігі туралы, сондай-ақ Кәсіпорынмен бұрыннан бар немесе ұсынылған мәмілеге қатысты мүдделердегі қайшылықтар туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ақпаратты Кәсіпорынның байқау кеңесіне хабарлауға;

12) тәуелсіздіктің жоғалуы туралы, сондай-ақ Кәсіпорынмен бәсекелесетін заңды тұлғалардың құруға немесе қатысуға шегі туралы байқау кеңесіне хабарлауға;

13) қызығушылық танытатын шешімдерді қабылдауға қатысты мәселелер бойынша дауыс бермеуге;

14) ол, Кәсіпорын және Денсаулық сақтау басқармасы арасындағы мүдделер қақтығысына әкен еогатын немесе ықтимал түрде туындататын әрекеттерден аулақ болуға, мұндай қақтығыс туындаған немесе пайда болған жағдайда дереу жазбаша түрде Байқау кеңесінің торағасын хабарлар етуге;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кәсіпорын Жарғысына және Кәсіпорынның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басқа да оқалеттіктерді, функциялар мен міндеттерді орындауға міндетті.

## 20. Байқау кеңесінің мүшелері:

1) Байқау кеңесі құзыретіне кіретін бөлігіндегі Денсаулық сақтау басқармасының шешімдерін орындапмағанына;

2) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қабылданған шешімдерін елдарына;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оның еріксіз іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде келтірілген шығындар, соның ішінде, аластыратын ақпаратты немесе қасакана жалған ақпарат беріп келтірілген зиян үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзғаны үшін жауапты.

20. Байқау кеңесінің мүшелері, егер олар кәсіпорынды шығындарға әкеліп соққан зиян келтіру шешіміне қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауаптылықта болмайды.

21. Кәсіпорын Денсаулық сақтау басқармасы шешімінің негізінде, өзінің қасақана әрекеттерімен / әрекетсіздігімен кәсіпорынға келтірілген зиянды немесе қиынды өтеу үшін байқау кеңесінің мүшесіне қатысты сотқа жүгінуге құқылы.

#### **7. Байқау кеңесінің мүшелеріне ақпаратты ұсыну тәртібі**

22. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің талаптары бойынша кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері Кәсіпорынның байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты ұсынады.

23. Ақпарат беру туралы талап Кәсіпорын басшысына кәсіпорынның орналасқан жерінде тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады. Жазбаша хабарламада қажетті ақпарат немесе қажетті құжаттар көрсетілуі тиіс.

24. Кәсіпорынның басшысы сұратылған құжаттар мен ақпаратты байқау кеңесінің мүшелері тізімінде көрсетілген мекенжайға, егер сұралған ақпарат құпия емес болса, үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынады.

25. Бухгалтерілік есеп пен құпия ақпараттың басқа да мәліметтерімен байқау кеңесінің мүшелері бәсе жұмыс күні ішінде кәсіпорынның атқарушы органына бұл туралы жазбаша түрде хабардар етіп, Кәсіпорынның орналасқан жерінде танысуға құқылы.

#### **8. Кәсіпорынның байқау кеңесі отырыстарын шақыру және өткізу ережелері**

26. Байқау кеңесінің отырысы Денсаулық сақтау басқармасының және байқау кеңесінің ұсыныстарына, осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қалыптастырылатын және жыл сайын оның өкілеттік мерзімі басталғаннан бастап, ұтымдылық, тиімділік және тұрақтылық принципін негізіне сүйене отырып байқау кеңесі бекітетін Жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Бұл ретте байқау кеңесінің отырысы айына кемінде бір рет өткізіледі.

27. Жылдық жұмыс жоспарын дайындауды қалағаланды байқау кеңесінің төрағасы жүзеге асырады.

28. Байқау кеңесінің отырысы жоспарлы және кезектен тыс болуы мүмкін. Күндізгі, сырттай және / немесе селекторлық байланыс режимінде жүргізіледі.

29. Байқау кеңесінің кезектен тыс отырысы белгілі бір мәселе бойынша шешім байқау кеңесінің құзыретіне жатқызылған жағдайларда, сондай-ақ Кәсіпорынның мүдделерін талап ететін кез келген жағдайларда шақырылады.

30. Байқау кеңесінің отырысы оның төрағасының бағамасымен немесе

1) Денсаулық сақтау басқармасының;

2) Кәсіпорын басшысының;

3) Байқау кеңесі мүшесінің талап етуімен шақырылады.

31. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талаптар:

1) отырыстың бастамашысы (бастамашының аты, әкесінің аты немесе талапты ұсынған органның немесе заңды тұлғаның атауы) көрсетіледі;

2) отырысты өткізу нысаны (жеке жиналыста немесе сырттай дауыс беру арқылы);

3) отырыстың өткізілген күні немесе сырттай дауыс беру кезінде сырттай дауыс беру арқылы қол қойылған бюллетеньдерді алып соңғы күні;

4) таланка жауапты жіберуге болатын мекенжай.

32. Байқау кеңесі отырысын шақыру туралы отіншіке көтерілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар мен ақпарат қоса беріледі.

33. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Кәсіпорынның орналасқан жеріне тиісті жазбана хабарлама жібере отырып, байқау кеңесінің торағасына беріледі. Жазбана хабарлама танырыс хатпен, факс немесе электронды пошта арқылы жіберіледі.

34. Байқау кеңесі отырысын шақыру туралы талапты алған күннен бастап, он жұмыс күнінен кешіктірмей байқау кеңесінің торағасы шақырады.

35. Байқау кеңесінің торағасы байқау кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқылы емес, мынадай жағдайларды қоспағанда:

1) отырыстың бастамашысы осындай талап қоюға құқылы емес;

2) Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелердің ешқайсысы өз құзыретіне жатпайтын болса.

36. Байқау кеңесі отырысын дайындау байқау кеңесі хатшысымен жүзеге асырылады.

37. Байқау кеңесінің отырысына дайындық барысында мынадай іс-шаралар орындалады:

1) отырыстың күн тәртібі жасалады;

2) Байқау кеңесі мүшелеріне отырыс туралы хабарлама жіберіледі;

3) Байқау кеңесі мүшелеріне ұсынылатын ақпарат (материалдар) дайындалады.

38. Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы 4-қосымшаға сәйкес хабарлама байқау кеңесі мүшелеріне отырыс өткізілгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей жіберіледі.

Байқау кеңесі торағасының шешімі бойынша материалмен хабарлама байқау кеңесінің мүшелеріне белгіленген мерзімнен кеш емес, алайда байқау кеңесінің отырысы басталғанға дейін 3 (үш) күн ізбелік күннен кешіктірілмей жіберілуі мүмкін.

Ерекше жағдайларда, байқау кеңесінің торағасы шешімімен материалдар отырыстың өткізілетін күніне дейін 1 (бір) жұмыс күні бұрын жіберілуі мүмкін.

39. Хабарлама байқау кеңесі хатшысымен жүргізілетін байқау кеңесінің мүшелері тізімінде көрсетілген мекенжайлар мен телефондарға (факсқа) танырыс хаттар, телеграммалар, телефонограмма, факсимильді және электронды поштамен рәсімделеді.

40. Хабарлама мынадай мазмұнда болуы тиіс:

1) отырыс оту орны және уақыты, күні туралы мәлімет;

2) отырыстың күн тәртібі;

3) отырыстың бастамашысы туралы мәліметтер;

4) отырысты өткізу нысаны туралы мәлімет (күнiзгi отырыста (бейнеконференция немесе селекторлық кеңес режимінде) немесе сырттай дауыс беру арқылы);

5) байқау кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша жазбана хат арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме, егер ол отырысқа қатыса алмайтын жағдайда (күнiзгi отырыс өткізгенде).



41. Хабарламаға хаттама жобасы мен сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (Байқау кеңесінің сырттай отырысы жағдайында), сондай-ақ күн тәртібінде көтерілген мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті материалдар мен акпараттар қоса тіркелуі тиіс.

42. Байқау кеңесі отырысына акпараттарды (материалдарды) байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша байқау кеңесінің хатшысы дайындайды.

43. Материалдарды байқау кеңесінің отырысына жіберу байқау кеңесінің мүшелері ұсынған электрондық мекен-жайға электрондық байланыс арқылы байқау кеңесі хатшысымен жүргізіледі.

Алдағы отырыс туралы хабарлама, хаттамалық жоба шешімдері (сырттай отырыс болған жағдайда) және сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер міндетті түрде қағаз түрінде таратылады.

44. Байқау кеңесінің әр мүшесі күн тәртібіне өз ұсыныстарын оны өткізгенге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға құқылы. Мұндай ұсыныстар байқау кеңесінің барлық мүшелеріне шешім қабылдау үшін қажетті барлық материалдармен, құжаттармен және акпаратпен бірге жіберілуі тиіс.

45. Күн тәртібіне байқау кеңесінің мүшелері ұсынатын мәселелер енгізіледі. Кез келген мәселені енгізуден бас тартуға жол берілмейді. Осы немесе басқа да мәселе байқау кеңесінің құзыретіне жатпайтын болса, ол қаралмайды және ол туралы шешім қабылданбайды.

46. Кәсіпорын органдарының қызметкерлерін (байқау кеңесінің басшысы және хатшысы) сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылған кандидаттар туралы мынадай акпаратты қамтуы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) туған күні;
- 3) білім туралы акпарат;
- 4) Кәсіпорынға үлесі туралы мәліметтер;
- 5) жұмыс орны және соңғы үш жылдағы атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 6) кандидаттардың біліктілігін, тәжірибесін растайтын өзге де мәліметтер.

47. Байқау кеңесі отырысы туралы хабарлар болған жерде немесе уақытында байқау кеңесі отырысын өткізу мүмкін емес немесе қиын деп табылса, жоспарланған күн тәртібі бойынша кеңес басқа жерде немесе басқа уақытта өткізілуі мүмкін.

48. Байқау кеңесінің барлық мүшелері екі күнтізбелік күн ішінде байқау кеңесі отырысының өткізілетін орны мен уақыты туралы хабарлар етіледі. Отырыстың орны немесе уақытының өзгерістері туралы хабарлама байқау кеңесінің мүшелеріне байқау кеңесінің мүшесі хабарламаны алуға кепілдік беретін, оның ішінде хат-хабарды алу мекен-жайына кез келген нысанға жіберіледі.

49. Егер байқау кеңестің мүшесі байқау кеңесінің жеке отырысына келе алмайтын болса, онда ол осы Ереженің 5-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша қаралып жатқан мәселелер бойынша өзінің жазбаша пікірін отырыс өткізілмес бұрын байқау кеңесіне ұсынуға құқылы.

50. Байқау кеңесінің отырысы байқау кеңесі мүшелерінің жарғысынан астамының қатысуымен хабарланған уақытта ашылады.

51. Күн тәртібінің мәселелері бойынша кворумды және дауыс беру нәтижелерін айқындау кезінде байқау кеңесі отырысында жоқ Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі ескеріледі.

52. Жазбаша пікір байқау кеңесі мүшелеріне, байқау кеңесінің төрағасына байқау кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін ұсынылуы тиіс.

53. Байқау кеңесі отырысына қатыса алады және кворум сақталады, егер Кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі қатысса.

53. Егер Кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оны өткізу орны мен уақыты туралы хабардар етілген болса және отырысқа Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан болса, байқау кеңесінің отырысы заңды, ал кворум талабы сақталған болып табылады.

54. Кворум жоқ жағдайда, отырыс бірінші шақырылған күннен он күннен кешіктірілмей қайта шақырылады.

55. Байқау кеңесінің барлық мүшелері хабарланған және отырыс жұмысының сағатын өзертуге қарсы болмаған жағдайды қоспағанда, отырыс жарияланған уақыттан бұрын ашылуы мүмкін емес.

56. Байқау кеңесі отырысын төрағалық етуші (немесе осы тармақта көзделген жағдайларда төрағалық етуші) ашады.

57. Байқау кеңесінің отырысында төрағалық етуші:

- 1) байқау кеңесі отырысын басқарады;
- 2) отырысты ашады және жабады;
- 3) баяндамашылар мен сөз сөйлеушілерге сөз береді;
- 4) жарыссөзді ұйымдастырады;
- 5) қаралып отырған мәселе бойынша өз позициясын жариялайды;
- 6) жарыссөзді қорытындылайды, келін түскен ұсыныстарды жинақтайды және тұжырымдайды;
- 7) байқау кеңесі отырысын өткізу тәртібінің сақталуын бақылайды;
- 8) байқау кеңесі шешімдерінің жобаларын, отырыста қаралған мәселелер бойынша Кеңес мүшелерінің ұсыныстары бойынша дауысқа салады, дауыстарды жинайды және дауыстарды санайды және дауыс беру нәтижелерін жариялайды;
- 9) байқау кеңесі отырысына келін түскен ұсыныстар, отініштер, анықтамалар, сұраулар, сұрақтарды жариялайды;
- 10) хаттама жүргізуді ұйымдастырады, ал қажет болған жағдайда отырыстың стенограммасын жасайды, хаттамаға қол қояды.

58. Байқау кеңесінің отырысында күн тәртібіндегі мәселелерді қарау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) мәселені дайындауға жауапты тұлғаның есебі (байқау кеңесінің отырысында төрағалық етушінің шешімі бойынша) тыңдалады;

2) бар болған жағдайда қосымша баяндамашы тыңдалады (байқау кеңесінің отырысында төрағалық етушінің шешімі бойынша);

3) байқау кеңесінің мүшелері баяндамашыларға, сондай-ақ отырысқа Кәсіпорын атынан қатысын отырған өзге де тұлғаларға сұрақтар қояды (баяндама тыңдалған жағдайда);

4) Байқау кеңесінің мүшелері баяндама бойынша жарысөзге қатысады (Байқау кеңесінің отырысында төрағалық етушінің шешімі бойынша шақырылған тұлғалар жарысөзге қатыса алады);

5) Байқау кеңесінің мүшелерінен келін түскен шешім жобасына қатысты ұсыныстар жазбана жария етіледі;

6) төрағалық етуші байқау кеңесі отырысындағы жарысөздер қорытындысын шығарады және байқау кеңесінің шешімінің жобасына келін түскен ұсыныстарын тұжырымдайды;

7) келін түскен барлық ұсыныстар бойынша дауыс беру және дауыстарды санау жүзеге асырылады. Дауыс беру барлық шешімдерге қатысты, сондай-ақ шешімдердің жекелеген тармақтары ретінде жүзеге асырылуы мүмкін;

8) дауыс беру қорытындылары жарияланады;

9) Байқау кеңесінің мүшелеріне өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік беріледі (байқау кеңесі отырысының хаттамасына қарсы, не қалып қалып дауыс берген жағдайда нақты мәселе бойынша қабылданған шешімдер қоса тіркеледі).

59. Жарысөзге қатысушысы өз сөзінде:

1) қарастырылып отырған мәселенің мәні бойынша өз позициясын қысқаша көрсетуі;

2) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен танысу нәтижелері бойынша баяндамашы мен байқау кеңесінің өзге де мүшелерінің ұсынған байқау кеңесінің шешімі жобасына өзінің қарым-қатынасын қалыптастыруы;

3) қаралып отырған мәселе бойынша шешім жобасына өз ұсыныстарын тұжырымдауы тиіс.

60. Баяндамалар, қосымша баяндамалар мен қорытынды сөздерге берілетін уақытты төрағалық етуші баяндамашылармен және қосымша баяндамашылармен келісе отырып белгілейді.

Қажет болған жағдайда төрағалық етуші қатысын отырған байқау кеңесі мүшелерінің көпшілігінің келісімімен, сөйлеу уақытын ұзарта немесе қысқарта алады.

Төрағалық етуші байқау кеңесі мүшесінің ауызша өтініші бойынша сөз сөйлеу үшін сөз береді, байқау кеңесінің төрағасы сөз кез-келген уақытта сөз сөйлеуге құқылы.

61. Ашық түрде өткізілген отырыста қабылданған байқау кеңесінің шешімдері асы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттама түрінде байқау кеңесі хатшысымен рәсімделеді.

Отырыста барлық қатысушылардың бір-бірін тыңдан және сөйлесуіне мүмкіндік беретін бейнеконференцияны немесе телефонды (селекторлық байланыс режимінде) пайдаланған жағдайда, бұл туралы хаттамала тиісті белгі жасалады.

Отырыс хаттамасына отырыс өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей байқау кеңесінің қатысын отырған мүшелерімен бұрыштама қойылуы қажет. Байқау кеңесі төрағасы немесе жиналыста төрағалық етуші тұлға, байқау кеңесінің хатшысы қол қойып және Кәсіпорын мөрімен бекітілуі тиіс.

62. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары Кәсіпорын басшысына және байқау кеңесінің барлық мүшелеріне байқау кеңесі отырысынан кейін он жұмыс күні ішінде жазбана хабарлама немесе байқау кеңесінің отырысы хаттамасының көшірмесін жіберу арқылы назарына жеткізіледі.

63. Жазбана хабарлама (хаттаманың копірмесі) танырые хат, телеграмма, телефонограмма, факсимильді және электронды хабарламалар аркылы жіберілуі мүмкін.

64. Байқау кеңесі шешімдерінің орындалу барысын бақылауды егер ол туралы шешімде арнайы айтылмаға және хаттамада көрсетілмесе, байқау кеңесінің төрағасы және Кәсіпорынның басшысы жүзеге асырады.

#### 9. Байқау кеңесі отырысын сырттай өткізу тәртібі

65. Жекелеген мәселелер бойынша байқау кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру аркылы қабылданады.

66. Байқау кеңесі отырысын сырттай дауыс беру аркылы өткізу туралы шешімді қабылдауына байланысты, байқау кеңесінің төрағасы сырттай дауыс беруге ұсынылған мәселелер тізімін қабыптастырады, сырттай дауыс беру нәтижелерін анықтау күнін, толтырылған бюллетендерді ұсыну мерзімінің аяқталу күнін анықтайды.

67. Сырттай дауыс беру туралы хабарламаны байқау кеңесінің төрағасы байқау кеңесінің әр мүшесіне танырые хаттармен немесе жеке өзіне сырттай дауыс беру бюллетендерін қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кем емес уақытта танырады.

68. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламамен бірге қойылған мәселелер бойынша материалдар және бірыңғай нысанда дауыс беру үшін бюллетеньдер (7-қосымшаға сәйкес) беріледі немесе жіберіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада байқау кеңесі төрағасымен анықталған, толтырылған бюллетендерді ұсыну мерзімінің аяқталу күні, сондай-ақ сырттай дауыс берудің нәтижелерін анықтау күні көрсетіледі.

69. Байқау кеңесі мүшелеріне сырттай дауыс беру бюллетеньдерін жіберген кезде, байқау кеңесінің төрағасы оларды дұрыс және біркелкі ресімделуін өз қолымен қамтамасыз етеді.

70. Толтырылған және қол қойылған сырттай дауыс беру бюллетеньдері байқау кеңесінің мүшесімен байқау кеңесінің төрағасына түшпеске дейін бюллетеньдерді қабылдауды аяқтаудың соңғы мерзімінен кешіктірмей факсимильді немесе электронды байланыс (сырттай дауыс беру бюллетенінде көрсетілген мекен-жайға, сауалнама парағының түшпеске дейін кейін жіберу аркылы) арқылы ұсынылуы тиіс.

71. Бюллетеньдері хабарламада көрсетілген бюллетеньдерді алудың соңғы мерзімінен кешіктірілмей байқау кеңесі төрағасына келіп түскен байқау кеңесінің мүшелері сырттай дауыс беруге қатысты ден есептеледі.

72. Хабарламада көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі қабылдаған бюллетень дауыстарды санау және сырттай дауыс берудің нәтижелерін жүргізу кезінде есепке алынбайды.

73. Сырттай өткізілетін отырыстың күн тәртібіндегі дауыс беру нәтижелері сырттай дауыс беру туралы хабарламада көрсетілген мерзімде байқау кеңесі төрағасы алған байқау кеңесі мүшелерінің толтырған және қолдары қойылған бюллетеньдері негізінде жүргізіледі.

74. Байқау кеңесінің сырттай дауыс беру аркылы қабылданған шешімдері қабылдау күні сырттай дауыс беру үшін сауалнама парағын алудың соңғы мерзімі болып табылады.

75. Егер байқау кеңесінің төрағасы немесе байқау кеңесі отырысын сырттай шақырушы тұлға (тұлғалар) байқау кеңесінің барлық мүшелерінен сауалнама парағын алудың соңғы мерзіміне дейін толтырылған бюллетеньдер алған болса, сырттай дауыс берудің соңғы бюллетенін алған күн сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау күні болып табылады.

76. Сырттай дауыс берудің нәтижелері бойынша бюллетеньдерді алудың белгіленген мерзімінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, осы ереженің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша шешім қабылданады. Көрсетілген шешімге байқау кеңесінің төрағасы немесе оны әзірлеудің дұрыстығы үшін жауап беретін отырысқа төрағалық ететін тұлға және байқау кеңесінің хатшысы қол қояды.

77. Байқау кеңесі мүшелерімен қабылданған шешімдер және сырттай дауыс беру қорытындылары осы шешімнің қабылдануына негіз болған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса отырып, осы сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін хаттамаға қол қойылған сәттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей байқау кеңесінің барлық мүшелеріне жіберіледі.

78. Байқау кеңесінің сырттай отырыстары айына бір реттен артық өткізілмеуі керек.

79. Егер қаралып отырған мәселе бойынша сырттай отырысты өткізуге қатысты байқау кеңесі мүшелерінің кемінде жартысы қарсы болса, байқау кеңесінің төрағасы осы мәселе бойынша сырттай дауыс беруді тоқтатады және бұл мәселе байқау кеңесінің жақын арадағы күндізгі отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

80. Бұл ретте байқау кеңесінің хатшысы сырттай дауыс берудің болмайтыны туралы барлық мүшелерді, сонымен қатар дауысқа салудың бастамашысын хабардар етеді.

#### **10. Сыйақы төлеу лимитін белгілеу тәртібі және (немесе) байқау кеңесі мүшелерімен шығыстарды өтеу**

81. Тиісті саланың уәкілетті органы таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке аударғаннан кейін Кәсіпорынның байқау кеңесіне байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшерін белгілейді, бұл Кәсіпорынның иелігінде қалған таза кірістің 5 (бес) пайызынан аспайды.

82. Байқау кеңесі мүшелеріне белгілі бір сыйақы мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес байқау кеңесінің мүшелерінің арасында бөлінеді.

83. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу бір жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің оң нәтижелері болған жағдайда жүзеге асырылады.

84. Кәсіпорынның атқарушы органына, сондай-ақ мемлекеттік қызметкер болып табылатын байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

85. Жол жүру құжаттарының құны, тұрғын үйді жалдау бойынша шығындар, тәуліктік ақы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы №145 «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлесстерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» Қаулысындағы тәртіпте және жағдайда

Кәсіпорынға байқау кеңесі мүшелері келесі жағдайларда растайтын құжаттарды ұсынған кезде отеледі:

- 1) Кәсіпорынның орналасқан жерінен тыс жерде тұру;
- 2) Кәсіпорынның орналасқан жерінен тыс жерде байқау кеңесінің отырыстарын өткізу.

### **11. Қорытынды ережелер**

86. Байқау кеңесінің қызметін бағалау.

87. Кәсіпорынның байқау кеңесі қызметін бағалау тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

88. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мүшелерінің қызметін бағалау байқау кеңесі мүшелерінің қызметінің тиімділігін және сыйақы мөлшерін анықтау мақсатында Кәсіпорынның аудиттелген қаржылық есептілігін жыл сайын бекіткеннен кейін өткізіледі.

89. Кәсіпорынның байқау кеңесі белгіленген тәртіппен өз бетінше өз жұмысының, байқау кеңесінің әр мүшесінің, оның ішінде байқау кеңесі төрағасы және Кәсіпорынның байқау кеңесінің хатшысы жұмысының жан-жақты бағасын өткізуге құқылы. Бағалаудың нәтижелері байқау кеңесінің отырысында талқыланады.

90. Байқау кеңесі және байқау кеңесінің әр мүшесінің қызметін бағалау сыртқы сарапшыларды тарта отырып кем дегенде әр үш жылда бір рет жүргізілуі мүмкін.

Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» АММ 2018 жылғы «...»

№... бұйрығымен бекітілген

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК байқау кеңесі туралы Ережесіне

1-қосымша

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының  
«Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК байқау кеңесі шешімдерін тіркеу  
ЖУРНАЛЫ

р/н	Хаттаманың №	Байқау кеңесінің (күндізгі/сырттай) отырысы өткізілген күні	Күн тәртібі	Қатысқандар	Қатыспағандар	Шешім	Шешімнің орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8

Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы-ММ 2018 жылғы «...»

№... бұйрығымен бекітілген

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» ҚМК байқау кеңесі туралы Ережесіне  
2-қосымша

**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының  
«Қостанай аудандық орталық ауруханасы» ҚМК байқау кеңесі шешімінен  
КОПИРМЕ**

Қостанай қ.

2018 жылғы «...»

№...

ММ 2018 жылғы «...»

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. 2017-2021 жылдарға арналған Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» ҚМК даму жоспары жобасына қорытындыны алдын-ала келісу және уәкілетті органға ұсыну туралы (2018 жылға, 1-нұсқа).

**ШЕШІМ:**

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің ма. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ оларды іске асырудың мониторингі мен оны бағалау қандалығына сәйкес 2017-2021 жылдарға арналған Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» ҚМК даму жоспарының жобасы алдын-ала келісіліні (2018 жылға, 1-нұсқа).

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 149-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес 2017-2021 жылдарға арналған Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» ҚМК даму жоспарының жобасына беріліп отырған қорытындысы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрігіне ұсынылсын (2018 жылға, 1-нұсқа).

Байқау кеңесінің хатшысы

М.О. Қосымбайұлы

Т.А.Ә.



Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2018 жылғы «...»

№... бұйрығымен бекітілген  
 Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК Байқау кеңесі туралы Ережесіне  
 3-қосымша

Бекітілді

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК 2018 жылғы «...» №... Байқау кеңесінің шешімімен

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК Байқау кеңесінің 2018 жылға арналған жұмыс ЖОСПАРЫ

№	Мәселенің атауы	Мәселені Байқау кеңесінде қарау қажеттілігінің негіздемесі (құзыреті)	Қарау мерзімі (тоқсан немесе ай)	Жауапты орындаушы
1.				
2.				
3.				

Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2018 жылы «...»

№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК

байқау кеңесі туралы Ережесіне

4-қосымша

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының  
«Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК  
Байқау кеңесі мүшелеріне

### ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының 2011 жылы 1 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мұқтастары» Заңының 150-бабы 2-тармағына сәйкес, біз Сіздерге 2018 жылы «...» сағат 00.00-де \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК ғимаратының Қостанай облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК-нің (бұдан әрі - Кәсіпорын) Байқау кеңесінің күндізгі отырысы өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібіндегі материалдар Сіздің электрондық поштаңызға жіберілді.

Байқау кеңесі отырысына қатысуыңыз мүмкін болмаған жағдайда, Сіз қарастырылатын мәселелер бойынша өзіңіздің жазбаша пікіріңізді байқау кеңесіне ұсынуға құқылысыз. Қатыса алмайтыныңыз жөнінде Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК-на алдын-ала хабарлауыңызды сұраймыз.

Байқау кеңесінің жұмысына қатысқаныңыз үшін алдын-ала алғысымызды білдіреміз.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласыңыздар:

\_\_\_\_\_ (ұшақарылым бастамашысы, аты - тегі)

Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2018 жылы «\_\_»

№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен бекітілген  
Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК Байқау кеңесі туралы Ережесіне  
5-қосымша

**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК Байқау кеңесінің күндізгі отырысына Байқау кеңесінің мүшесінен (Т.А.Ә.) ЖАЗБАША ШҚІР**

Қостанай қ.

2018 жылы «\_\_»

2018 жылы «\_\_» \_\_\_\_\_ ұсынылған № \_\_\_\_\_ хабарламаға және материалдарға сәйкес мекенжайы бойынша Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК ғимаратының конференц-залында 2018 жылы «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат 00.00-де өткізуді жоспарлан отырған Қостанай облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК-нің (бұдан әрі - Кәсіпорын) Байқау кеңесінде қарастыруға келесі мәселелер ұсынылды:

1) (мәселе тұжырымдамасы).

2) (мәселе тұжырымдамасы).

*Сұрақтардың саны мен олардың тұжырымдамасы Байқау кеңесінің мүшелері жіберген хабарламамен сәйкес келуі тиіс.*

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің жоспарланған отырысына қатысу мүмкіндігі болмаған ықпал. Байқау кеңесі туралы ереженің 29-тармағының негізінде, отырыстың күн тәртібіне өз позициямды ұсынамын.

**Күн тәртібі бойынша дауыс беремін: (Байқау кеңесі мүшесінің дауысы: «КЕ, ИС, ЕМШ», «ҚАРСЫ», «ҚА, ЫС»).**

**№ 1 мәселе. Мәселе тұжырымдамасы.**

*Қаралатын мәселе бойынша позицияны қысқаша жазбаша білдіру (Байқау кеңесі мүшесінің пікірі).*

Осыған байланысты, мен келесідей шешім тұжырымдамасына дауыс беруді ұсынамын:

1. (шешім тұжырымдамасы).

2. (шешім тұжырымдамасы).

**Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша дауыс беремін: (Байқау кеңесі мүшесінің дауысы: «КЕ, ИС, ЕМШ», «ҚАРСЫ», «ҚА, ЫС»).**

**№ 2 мәселе. Мәселе тұжырымдамасы.**

*Қаралатын мәселе бойынша позицияны қысқаша жазбаша білдіру (Байқау кеңесі мүшесінің пікірі).*

Осыған байланысты, мен келесідей шешім тұжырымдамасына дауыс беруді ұсынамын:

3. (шешім тұжырымдамасы).

4. (шешім тұжырымдамасы).

**Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беремін: (Байқау кеңесі мүшесінің дауысы: «КЕ, ИС, ЕМШ», «ҚАРСЫ», «ҚА, ЫС»).**

Қостанай облысы әкімдігі  
денсаулық сақтау басқармасының  
«Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК  
Байқау кеңесінің мүшесі

Т.А.Ә.

Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» АММ 2018 жылғы «...»

№... бұйрығымен бекітілген

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК байқау кеңесі туралы Ережесіне 6-қосымша

**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК Байқау кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ**

Қостанай қ.

2018 жылғы «...» №... (хаттаманың нөмірі)

Ориналданған жері: \_\_\_\_\_

Отырыстың ашылу уақыты және өткізілетін орны:

Байқау кеңесінің мүшелері қатысты:

Байқау кеңесінің мүшелері қатыспанды:

Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікірі жазылған жазбаша шабарламаны жібергендер:

Кворум туралы мәлімет: (бір жақ).

Байқау кеңесінің хатшысы:

Шақырылғандар:

**КҮН ТӘРТІБІ:**

- 1. Мәселе тұжырымдамасы.
- 2. Мәселе тұжырымдамасы.

Байқау кеңесі күн тәртібін қарап, **ШЕШТІ:**

*Шешім тұжырымдамасы күн тәртібін бекіту, өзгерту және толықтыру.*

Дауыс беру қорытындысы:

КІШІСІМНІ - ... дауыс (байқау кеңесі мүшесінің (лерінің) Т.А.Ө.)

ҚАРСЫ - ... дауыс (байқау кеңесі мүшесінің (лерінің) Т.А.Ө.)

ҚА.ЫС (ерекше пікір) - ... дауыс (байқау кеңесі мүшесінің (лерінің) Т.А.Ө.).

\_\_\_\_\_ дауыспен **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНЫ:**

- 1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз сөйледі (егер бірінші мәселе бойынша сөз сөйлегендер болса)

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

- 1. \_\_\_\_\_
- 2. \_\_\_\_\_

Дауыс беру қорытындысы:

КІШІСІМНІ - ... дауыс (байқау кеңесі мүшесінің (лерінің) Т.А.Ө.)

ҚАРСЫ - ... дауыс (байқау кеңесі мүшесінің (лерінің) Т.А.Ө.)

ҚА.ЫС (ерекше пікір) - ... дауыс (байқау кеңесі мүшесінің (лерінің) Т.А.Ө.).

\_\_\_\_\_ дауыспен **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНЫ:**

- 2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сөз сөйледі (егер екінші мәселе бойынша сөз сөйлегендер болса)

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Байқау кеңесі **ШЕШТІ:**

- 3. \_\_\_\_\_
- 4. \_\_\_\_\_

Дауыс беру қорытындысы:

КЕІШЕМНІ - \_\_\_\_\_ дауыс (Байқау кеңесі мүшесінің (-лерінің) Т.А.Ө.)

ҚАРСЫ - \_\_\_\_\_ дауыс (Байқау кеңесі мүшесінің (-лерінің) Т.А.Ө.)

ҚАЛЫС терекше пікір) - \_\_\_\_\_ дауыс (Байқау кеңесі мүшесінің (-лерінің) Т.А.Ө.).

\_\_\_\_\_ дауыспен **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНЫДЫ:**

Отырыстың жабылу уақыты:

Байқау кеңесінің қатысқан мүшесінің (-лерінің) (Т.А.Ө.) күн тәртібі бойынша жаобалық хабарламасының (-ларының) түпнұсқасы осы шешіммен қоса беріледі.

Тората/

Тораташае егуші

қолы

Т.А.Ө.

М.О.

Байқау кеңесінің хатшысы

қолы

Т.А.Ө.

Қостанай облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2018 жылғы «...»

№... бұйрығымен бекітілген

Қостанай облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК

байқау кеңесі туралы Ережесіне

7-қосымша

**Қостанай облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК байқау кеңесі мүшелерінің сырттай тауыс беру**

**Б Ю Л Л Е Т Е Н Ы Д Е Р І**

Орындалған жері:

Қостанай облысы әкімінің денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК байқау кеңесінің мүшесі туралы мәлімет байқау кеңесінің мүшесінің

Т.А.Ө. тауысы

бюллетеньді жіберген күні  
Қол қойылған бюллетеньдерді ұсыну күні  
Бюллетеньдерді жіберетін мекенжайы.

2018 жылғы «...»

2018 жылғы «...»

Қазақстан Республикасы

110000, Қостанай қ. е-майлы: ...

Күн тәртібі: 1. (мәселе тұжырымдамасы)

2. (мәселе тұжырымдамасы)

Күн тәртібі бойынша (шешім тұжырымдамасы)

КІРІШЕМШІ  ҚАРСЫ  ҚАЛЫС (ерекше пікір)

Бекертуз ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі

№1 мәселе (шешім тұжырымдамасы)

КІРІШЕМШІ  ҚАРСЫ  ҚАЛЫС (ерекше пікір)

Бекертуз ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі

№2 мәселе (шешім тұжырымдамасы)

КІРІШЕМШІ  ҚАРСЫ  ҚАЛЫС (ерекше пікір)

Бекертуз ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі

Қостанай облысы әкімінің

денсаулық сақтау басқармасының

«Қостанай аудандық орталық ауруханасы» КМК

байқау кеңесінің мүшесі

Т.А.Ө.

(қол қойылуы түрде)

Байқау кеңесінің хатшысы

Т.А.Ө.

(қол қойылуы түрде)

Бекертуз

Байқау кеңесінің мүшесімен сырттай тауыс беру, қатысушылардың тауыс беруін қалайтын ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі. Байқау кеңесінің мүшесімен сырттай тауыс беру, қатысушылардың тауыс беруін қалайтын ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі.

Байқау кеңесінің мүшесі Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінің нақты мәселеге тауыс беру қатысушының қабылдауға қарсы ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі. Байқау кеңесінің мүшесімен сырттай тауыс беру, қатысушылардың тауыс беруін қалайтын ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі.

Байқау кеңесінің мүшесімен сырттай тауыс беру, қатысушылардың тауыс беруін қалайтын ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі. Байқау кеңесінің мүшесімен сырттай тауыс беру, қатысушылардың тауыс беруін қалайтын ерекше пікір жазбана нысанда бөлек беріледі.

байқау кеңесі мүшесінің ...

байқау кеңесі мүшесінің ...

А.А.ШС (ерекше пікір) - \_\_\_\_\_ дауыс (байқау кеңесі мүшесінің істерінің) Т.А.Ә.);  
 \_\_\_\_\_ дауыспен ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ;

Байқау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетеньдерінің қол қойылған \_\_\_\_\_ бөлігі бірігіп қабылданды.

Торатаев			
Торатаевтық етуші	М.О.	қолы	Т.А.Ә.
Байқау кеңесінің хатшысы		қолы	Т.А.Ә.